

## №10 –дәріс. Зерттеу жұмысын жазу ережелері және оның құрылымы.

### **Зерттеу жұмысының құрылымы**

Зерттеу жұмыстары әртүрлі (зерттеу жұмысы туралы ұсыныстар, зерттеу мақалаларына талдау жасау, оқулықтар және т.б.) болады. Студенттер мәліметтерге талдау жасау (эмпирикалық зерттеу) және өзге ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды жазу (әдебиеттерге шолу) сияқты шағын зерттеу жұмыстарын жазады. Бұл екі зерттеу жұмысының құрылымы ұқсас болғанымен, жазылу түрі басқаша. Мәселен, олардың кіріспе бөлімі тақырыпқа қатысты жалпылама жайттан басталып, зерттеу жұмысының негізгі, нақты тақырыбына қарай ойысады. Бұл оқырманды мәселеге қатысты жалпы жайттардан тақырыпқа қатысты жекелеген мәселені оңай түсінуіне мүмкіндік береді.

Сонымен қатар ғылыми зерттеу жұмыстарына талдау жасай отырып жазылатын жұмыстың өзінде студенттің көтерген мәселесі мен тұжырымы анық берілуі керек, яғни студент оқығанын мазмұндап жазбай, мәселе бойынша өз пікірін ашық білдіруі қажет. Яғни жұмысының жазылу себебі мен мәселені шешуге байланысты пікірі түсінікті болуға тиіс.

Зерттеу жұмысының құрылымы оның тақырыбына және жауап беретін сұрағына, зерттеу жүргізушінің дәлелдер мен аргументтер келтіру жолын таңдауына тікелей байланысты. Сонымен өзге ғалымдардың ғылыми зерттеу жұмыстары туралы қорытынды жазу, яғни әдебиеттерге шолу бағытындағы зерттеу жұмыстары және эмпирикалық зерттеу жұмыстарының құрылымында өзара ұқсастықтармен айырмашылықтар бар.

### *Әдебиеттерге шолу бағытындағы зерттеу жұмысының құрылымы.*

Ғылыми әдебиеттерге шолу немесе қорытынды жасау үшін жазылатын зерттеу жұмысының негізгі мақсаты -тақырыпқа қатысты еңбектерді саралап, пікірлерді жинақтау және оларға синтездік талдау жасау арқылы мәселені анықтап, шешімін көрсету. Әдебиеттерге сенімді болуы қажет. Бұл әдебиеттерді (ғылыми мақалаларды немесе зерттеулерді) осы сала бойынша тәжірибелі мамандар тарапынан рецензияланған журналдардан табуға болады. Материалдарды оқу барысында зерттеуге қатысты тұжырым (тезис) туындайды.

Көп жағдайда әдебиеттерге шолу жасалып жазылған зерттеу жұмысы арнайы бөлімдерге бөлініп жазылмайды, бірақ шағын тақырыпшаларды көрсетіп отыру қажет. Сондай-ақ кез келген жақсы құрылымда жазылған шолу жұмыста кіріспе, негізгі бөлім мен қорытынды бөлімдер анық етіп жазылуы керек. Әдебиеттерге шолу бағытында жазылатын жұмыс құрылымдары мынадай сұрақтарға жауап беруге тиіс:

**Кіріспе бөлім.** Неліктен бұл тақырып маңызды? Осы кезге дейін тақырып бойынша қандай мәселелер қозғалған? Тақырыпқа қатысты қандай теориялар мен тәжірибелер бар? Зерттеушінің ұстанымы немесе тұжырымы (тезисі) қандай? деген сұрақтарға жауап береді.

**Негізгі бөлім.** Зерттеушінің ұстанымын қолдайтын қандай пікірлер бар? Қандай пікірлер зерттеушінің ұстанымына қайшы келеді? Зерттеуші өз ұстанымын білдіру үшін қандай пікірлерді қолданған? деген сұрақтарға жауап береді. Негізгі бөлімде тақырыпқа қатысты осы кезеңге дейінгі жазылған пікірлерге сипаттама беріп, қарама-қайшы пікірлер мен түрлі ойларды қамтуы тиіс. Қорытындыға келу үшін талқылауда айтылған әрбір пікірді дәлел ретінде қолдану қажет.

**Талқылау және қорытынды.** Зерттеушінің соңғы пікірі қандай? Қандай мәселе анықталды? Зерттеушінің қорытындысы өзге теориялар мен түсіндірмелер үшін қаншалықты маңызды? деген сұрақтарға жауап береді. Талқылау және қорытынды бөлім зерттеушінің өз пікірін анық жеткізуіне бағытталады. Бұл бөлімде негізгі бөлімде жазылған пікірлердің қысқаша қорытындысы беріледі. Зерттеуші кіріспе бөлімде жазған зерттеу сұрағына қайта оралып, оған нақты жауап беруі тиіс. Сондай-ақ өз ойының

тақырыпқа қатысты теориялар мен күнделікті өмірдегі жағдайға тигізер ықпалын да айта кетуі керек.

Сонымен, әдебиеттерге шолу бағытындағы зерттеу жұмысының негізгі ерекшелігі мынадай:

- Әдебиеттерге шолу бағытындағы зерттеу жұмысында ешқандай бастапқы мәліметтер жинау әдісі (сауалнама, сұхбат алу және т.б.) қолданылмайды;

- Тақырыпқа қатысты зерттеу жұмыстарының артықшылықтары мен кемшіліктері жан-жақты қарастырылады;

- Тезистің дұрыстығы мен дәлелді екеніне сендіруге тырысады;

- Тақырыпқа қатысты ғылыми мақалалар мен кітаптардағы пікірлерге талдау және синтез жасалады, олар зерттеудің сұрағына жауап беріп, тезисті қолдау үшін қолданылады;

- Жазылым талабына сәйкес сілтеме жасалынып, қолданылған әдебиеттер безендіріледі.

### **Эмпирикалық немесе ғылыми зерттеу жұмысының құрылымы**

Эмпирикалық және ғылыми бағытта жазылатын зерттеу жұмыстарында зерттеуге ұсынылатын немесе жауап берілуге тиіс зерттеу сұрақтары анық беріледі. Мұндай жұмыстарда тақырыпқа қатысты қандай мәселелер белгілі және неліктен мұндай зерттеу жұмысын жүргізу маңызды деген сұрақтарға жауап беріледі. Сонымен қатар зерттеу сұрағына жауап беру үшін қандай зерттеу әдістері қолданылды, қандай тәжірибелер жасалынды және осындай жұмыстар нәтижесінде қандай мәселелер анықталды деген жайттар қамтылады. Эмпирикалық зерттеу жұмысының құрылымы мынадай болып келеді:

**Түйіндеме.** Түйіндемеде оқырманға жұмыстың мазмұны қысқаша таныстырылады. Ол өзге бөлімдерден бөлек, әдетте тақырыптан кейін жазылады. Түйіндеме жұмыстың негізгі бөлімдері оқырманға түсінікті болуы үшін ондағы ақпарат қорытындыланып беріледі. Шағын зерттеу жұмыстары түйіндемесінің көлемі жүз елу сөз немесе одан аз болып келеді.

**Кіріспе.** Кіріспе бөлім түйіндемеден кейін беріледі. Кіріспенің негізгі мақсаты - зерттеу жұмысының өзегі етіп алынған сұрақтарын және осы тақырыптың өзге жұмыстарда қалай қарастырылғандығымен таныстыру. Кіріспеде зерттеу сұрағының маңыздылығы мен оған қатысты өзге еңбектерге, яғни теориялар мен мәліметтерге қысқаша шолу жасалады. Бөлім соңында зерттеу жұмысында тексерілетін гипотеза беріледі.

**Әдісі.** Бұл бөлімде зерттеу жұмысы қалай жүзеге асырылғандығы баяндалады. Сонымен қатар зерттеу жұмысына қатысушылар зерттеу барысында қолданылған материалдар мен мәліметтер жан - жақты сипатталады. Зерттеу жұмысының әдістемесі өте түсінікті болғаны абзал, басқа зерттеуші оны оқып, автордан кеңес алмай тура сол әдісті қолдана алатындай болуы керек.

**Зерттеу нәтижесі.** Бұл бөлім зерттеу нәтижесі қандай болады? деген сұраққа жауап береді. Зерттеу әдісі арқылы алынған мәліметтерге толық талдау жасалып, осы талдаудың нәтижесімен таныстырылады. Зерттеу нәтижесімен таныстыру барысында зерттеу сұрағының жауабы, гипотезаның қаншалықты расқа немесе жоққа шығарылғандығы жөніндегі ақпаратты беруге баса назар аударып, сипаттамалық, статистикалық мәліметтер (орташа шамалар және т.б.) түсінікті болуы үшін кесте, графика және т.б. түрінде баяндалған орынды.

**Талқылау.** Бұл бөлімнің негізгі мақсаты - зерттеудің нәтижелерін жинақтап, зерттеу жұмысына қатысты автордың өз қорытындысын беруі. Эмпирикалық жұмыстардың бұл бөлімі мынадай сұрақтардың жауабын қамтиды: Анықталған нәтижелер нені білдіреді? Зерттеу нәтижесі кіріспеде айтылған жайттармен қаншалықты байланысады? Гипотеза зерттеу нәтижесі арқылы дәлелденді ме? Өзге балама жауап анықталды ма? Зерттеу жұмысының гипотезасы мен нәтижесінің арасындағы сәйкессіздікті қалай түсіндіруге

болады? Зерттеу нәтижелері қаншалықты маңызды? Зерттеу нәтижесі қалыптасқан немесе анықталған теорияларды қаншалықты қолдайды немесе жоққа шығарады? Зерттеу нәтижелерінің күнделікті өмірдегі маңызы қандай?

Сонымен эмпирикалық зерттеу жұмысының негізгі ерекшелігі мынадай:

- Зерттеу сұрағы немесе гипотезасы анық беріледі;
- Әдебиеттерге шолу жасалады;
- Зерттеу әдісі сипатталады;
- Зерттеу нысаны, іріктеме тобының таңдалу жолдары мен этикалық мәселелерге жауап беріледі;
- Зерттеу әдісі арқылы анықталған нәтижелер сипатталады, олар тақы-рыпқа қатысты еңбектердің нәтижелерімен салыстырылады;
- Зерттеу нәтижесі талқыланады;
- Өзге ғылыми әдебиеттерге (дереккөздерге) сілтеме жасалынады.

#### **Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:**

1. Әдебиеттерге шолу бағытындағы зерттеу жұмысының құрылымы қандай?
2. Эмпирикалық немесе ғылыми зерттеу жоба жұмыстарының құрылымы қандай?
3. Әдебиеттерге шолу мен эмпирикалық жұмыстардың ұқсастықтары мен айырмашылықтары қандай?

**Оқытудың техникалық құралдары:** слайдтар, презентациялар, электронды оқулық.

#### **Әдебиеттер тізімі:**

##### ***Негізгі:***

1. Оспанов Е.Т. Академиялық жазылым негіздері. Оқу құралы. Алматы: «Білім» баспасы, 2020. -340 б.
2. Баяхметова А.А., Дусенбина М.Ж.. Академическое письмо. Язык и стиль академического письма. Учебное пособие.–Костанай: КГУ имени А.Байтурсынова, 2019. - 106 с.
3. Академическое письмо для историков: учебное пособие для студентов, обучающихся по программе магистратуры по направлению подготовки 46.04.01 «История» / Ю. Е. Бут.– Екатеринбург: Издательскийотдел УрГПУ, 2019 – 224 с.
4. Қазақстан білім зерттеушілерінің әдеп кодексі. 1-і басылым. Нұр-Сұлтан: Білім беру саласындағы зерттеушілердің қазақстандық қоғамы, 2020. -68 б.
5. Грофф Джеральд. Как писать убедительно: искусство аргументации в научных и научно-популярных работах: пер. с. Англ. –М.:Альпина Паблишер, 2014. -250 с.
6. Имангулова Т.В., Губаренко А.В., Абдикаримова М.Н. Методика научно-исследовательской работы в туризме. Учебное пособие. А.:КазАСТ, 2021. -164 с.
7. Айешова Г.А. Основы научно-исследовательской работы: учебное пособие, 2019.

##### ***Қосымша:***

1. Петрякова А.Г. Культура речи [Текст]: уч.пос. / А.Г.Петрякова.–М.:Флинта,2016.–488 с.
2. Дусенко А.Г. Современный туризм: актуальные проблемы и перспективы. М.: РТУФКСМиТ, 2017. -238 с.
3. Комлева Ю. Е. Изъяны габсбургской политики идентичности: «книги для чтения» в италияязычных школах Триеста // Известия Уральского федерального университета. Серия 2: Гуманитарные науки. 2015. № 1 (136). С. 144.
4. Пример взят из: Nagy P. T. The Problem of the Confessional Recruitment of the Students at the Faculties of the Humanities and Science of the Transylvanian University // Historical Social Re- search. 2008. Vol. 33. No 2. P. 142.

- 5.Имангулова Т.В., Прокофьева М.А. Терминологический словарь научно-исследовательской деятельности в туризме:учебное пособие.А.:КазАСТ,2016. -60 с.
- 6.Закирьянов Б.К., Абдикаримова М.Н. Инновационные направления развития туризма и гостеприимства в современной России/коллективная монография. М.:РУСАЙНС, 2019. - 232 с.
- 7.Добрынина О. Л. Пропедевтика ошибок при написании англоязычнойавторской аннотации к научной статье // Высшее образование в России. 2015. № 7. С. 42-50.
- 8.Hartley J. Academic Writing and Publishing: a practical handbook. London: Routledge, 2008. P. 118-119.
- 9.Наука: день сегодняшний, завтрашний: научно-популярный сборник. Алматы: Ассоциация вузов РК. -2017. -128 с.
- 10.Морозов М.А. Информационные технологии в туристской индустрии: учебник. М.:КНОРУС, 2019. -276 с.
- 11.Гаврилов М.В. Научная работа: методика и практика: учебное пособие. –Саратов:МарК (Лохнев Ю.В.), 2014. -228 с.

*WEB Сайттар тізімі:*

- 1.Научная электронная библиотека. - [http:// elibrary.ru](http://elibrary.ru)
- 2.Международный выставочный портал.- <http://www.expoclub.ru>